

Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 65 жылдығына орай соғыс және тыл еңбеккерлері мен жесірлерге жергілікті бюджет есебінен төленетін бір жолғы материалдық көмек төлеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі N 66 қаулысы. Исатай аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 мамырда N 4-4-162 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 27 маусымдағы N 98 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2011.06.27 N 98 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 ақпандағы № 94 "Қазақстан Республикасында 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Н. Құрманғалиева) Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай соғыс және тыл еңбеккерлері мен жесірлерге жергілікті бюджет есебінен төленетін бір жолғы материалдық көмекке бөлінген қаражатты толықтай игеруді қамтамасыз е т с і н .

2. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай соғыс және тыл еңбеккерлері мен жесірлерге жергілікті бюджет есебінен төленетін бір жолғы материалдық көмекке бөлінген қаражатты төлеу кезінде мыналар басшылыққа а л ы н с ы н :

1) соғыс және тыл ардагерлері мен жесірлерге Жеңістің 65 жылдығына орай төмендегідей мөлшерде табысына қарамастан біржолғы материалдық көмек т ө л е н с і н :

соғыстың қатысушылары мен мүгедектеріне - 85 000 теңге;

Ұлы Отан соғысы кезінде қаза тапқан жауынгерлердің жесірлерінің қайталап некеге отырмаған зайыбына (ата-аналарына) - 15 000 теңге;

қайтыс болған Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің әйелдеріне (күйеулеріне) -

1 5

0 0 0

т е н г е ;

соғыс кезіндегі тыл еңбеккерлеріне – 10 000 мың теңге;
алушы аталған бір жолғы материалдық көмектің бірнеше түріне құқы болған жағдайда өзінің қалауы бойынша бір түрін алуға рұқсат етілсін;

2) мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының Исатай аудандық бөлімшесіне (келісім бойынша), аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне көрсетілген санаттағы азаматтардың 2010 жылдың 1 сәуірдегі тізімін жолдап, ал кейіннен анықталғандар тізімін 2010 жылдың 1 шілдесіне дейін қағаз және электронды түрде беру ұсынылсын;

3) аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі (келісім бойынша) мен аудандық ішкі істер бөліміне (келісім бойынша) аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне көрсетілген санаттағы азаматтардың 2010 жылдың 1 сәуіріндегі тізімін жолдап, ал кейіннен анықталғандар тізімін 2010 жылдың 1 шілдесіне дейін қағаз және электронды түрде беру ұсынылсын;

4) аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының Исатай аудандық бөлімшесінен, аудандық қорғаныс істері жөніндегі және аудандық ішкі істер бөлімдерінен түскен тізімдер негізінде біржолғы көмек алушылардың тізімін жасақтап, "Казпочта" торабының байланыс бөлімшелері арқылы аталған санаттағы адамдардың жеке есеп шотына аударсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Өтеғалиевке жүктелсін.

4. Қаулы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Қарабаев

Келісілді:

*Мемлекеттік зейнетақы төлеу
орталығының Исатай аудандық
бөлімшесінің бастығы*

*Аудандық Қорғаныс
істері жөніндегі
бөлімнің бастығы*

Г. Молдашева

Ж. Қойшыбаев

Аудандық ішкі істер

бөлімінің бастығы

С. Жапақов